MYSTIC CM3

CASE

ARDOR

ARDOR GAMING Mystic CM3

Корпусы

Пайдалану бойыншанұсқаулық

Құрметті сатып алушы, сеніміңіз үшін рахмет!
Біздің команда сіздің компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызбен ортақтасады, сондықтан біз сіздің ойын тәжірибеңізді геймерлерге арналған керек-жарақтараңызбен ұмытылмас ету үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен жарқын әсерлер тілейміз!

Құрылғы мақсаты

Корпус оған аппараттық құралдарды орналастыруға арналған.

Сақтық шаралары

- Корпустың құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Корпус коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Корпус балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға корпуспен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: Mystic CM3
- Сауда белгісі: ARDOR GAMING
- Типтік өлшем: Mid-Tower
- Металл қалыңдығы: 0,6 мм
- Кеңейту слоттарының саны: 7
- Желдеткіш контроллері: жоқ
- Қуат блогы бөліміндегі желдеткіштерді қолдау: жоқ
- Жоғарғы желдеткіштерді қолдау: 2 × 140 немесе 2 × 120 мм
- Төменгі желдеткіштерді қолдау 2 × 120 мм
- Артқы желдеткіштерді қолдау: 1 × 120 мм
- Бүйірлік желдеткіштерді қолдау: 2 × 120 мм
- Алдыңғы желдеткіштерді қолдау: жоқ
- ССЖ радиаторының бүйірлік орнату өлшемі: 240 мм
- ССЖ радиаторының жоғарғы орнату өлшемі: 240 мм
- ССЖ радиаторының артқы орнату өлшемі: жоқ
- ССЖ радиаторының алдыңғы орнату өлшемі: жоқ
- Сұйық салқындату жүйесін орнату мүмкіндігі: бар
- 2.5'' жинақтағыштар бөлімдерінің саны: 1 дана, 2 дана
- 3.5'' жинақтағыштар бөлімдерінің саны: 1 дана, 2 дана
- Процессор салқындатқышының максималды биіктігі: 168 мм
- Қуат блогының максималды ұзындығы: 160 мм
- Орнатылатын бейнекартаның максималды ұзындығы: 330 мм
- Қуат блогын орналастыру: төменгі
- I/O тақтасының орналасуы: алдыңғы жағында
- Алдыңғы тақтаның материалы: шыңдалған шыны
- Қуат блогының форм-факторы: ATX
- Қосқыштар: USB 2.0 Type-A × 1, USB 3.0 Type-A × 1, USB Type-C × 1
- Салмағы: 4,2 кг
- Өлшемдері (Е × Т × Б): 286 × 339 × 355 мм
- Жинақтағы желдеткіштер: жоқ
- Қолдану саласы: тұрмыстық

Жинақталым

- Корпус.
- Бекіткіштер жиынтығы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.


Құрастыру

Бекіткіштер жиынтығы

	Атауы	Саны
	HDD бұрамасы	10
	MB/SSD бұрамасы	18
	PSU/VGA бұрамасы	6
	MB тірегі	3
	Кәбілдік тұтастырғыш	10
	Бекітпе	2


Алдыңғы және бүйір тақталарды алу

1. Сол жақ тақтаны алу үшін оны төмендегі схемада көрсеткімен көрсетілген бағытта жылжытыңыз.
2. Алдыңғы тақтаны схемада көрсетілгендей жылжытып, оны алыңыз.
3. Оң жақ тақтаны алу үшін **a** нүктелеріндегі бұрамаларды бұрап алыңыз, содан кейін тақтаны артқа жылжытыңыз.



Қуат блогын орнату


Қуат блогын төмендегі схемада көрсетілген қалыпқа орнатып, оны **a** нүктелерінде 4 бұрамамен бекітіңіз.



Аналық тақтаны орнату


1. Аналық тақтаны корпусқа салып, бұрама тесіктерін сәйкестендіріңіз.
2. Тақтаны төмендегі схемада көрсетілгендей бұрамалармен бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ: бұл корпус ATX / micro-ATX / micro-ITX форматтағы аналық тақталарды қолдайды. Әртүрлі аналық тақталардың орнату ерекшеліктері бар, орнату алдында аналық тақтаңыздың пайдалану бойынша нұсқаулығын қараңыз.



Бейнекартаны орнату


1. PCI слоттарының бітеуіштері бар планканы бекітетін бұрамаларды бұрап, планканы алыңыз.
2. Сәйкес орындардағы PCI слотының бітеуіштерін бұрап алыңыз.
3. Бейнекартаны аналық платадағы слотқа көрсеткімен көрсетілген бағытта салып, бұрамалармен бекітіңіз.



Аналық тақтаға арналған қосалқы металл пластинаны орнату


Қосалқы металл пластинаны төмендегі схемада көрсетілген қалыпқа орнатып, оны **a** нүктелерінде екі бұрамамен бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ: егер аналық тақтаның ені 200 мм-ден аспаса, қосалқы пластинаны орнатудың қажеті жоқ.




HDD/SSD орнату

1. HDD/SSD кронштейніндегі **a** және **b** нүктелеріндегі бұрамаларды бұрап алыңыз.
2. Кронштейнге бір HDD және бір SSD (1) немесе екі HDD (2) орнатыңыз.



3. HDD/SSD кронштейнін схемада көрсетілген қалыпқа қойып, оны **a** және **b** нүктелерінде бұрамалармен бекітіңіз.



Салқындату жүйелерімен үйлесімділік

- Жоғарғы тақта: екі 120 мм желдеткіш немесе 240 мм сұйық салқындату жүйесі.
  ЕСКЕРТУ: егер жоғарғы тақтаға сұйық салқындату жүйесі орнатылса, жедел жад модулінің биіктігі 45 мм-ден аспауы тиіс.
- Аналық тақта кронштейні: екі 120 мм желдеткіш немесе 240 мм сұйық салқындату жүйесі.
- Төменгі тақта: екі 120 мм желдеткіш.
- Артқы тақта: бір 120 мм желдеткіш.

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны орнату ережелері мен шарттары осы пайдалану нұсқаулығының «Құрастыру» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы +5 °С-тан +40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Корпусты тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Корпус мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Корпусты сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек
- Осы корпусты кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Берілген корпусты дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз бақыланбайтын қалдықтардың нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірмеуге және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл корпусты қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Егер корпустың ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе корпусты тастаңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде корпустың үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі корпус сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету корпус пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі

Кепілдік мерзімі: 18 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

https://www.dns-shop.kz/service-center/

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ГУАНЧЖОУ ТЯНЬБО КОМПЬЮТЭ ЭКВИПМЕНТ КО., ЛТД.

Солт. ғим., Чуанъе тас жолы №38, жоғары технологиялы өнеркәсіптік парк, Цунхуа экономикалық даму аймағы, Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,

Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1

ТОЛЫҒЫРАҚ БІЛІҢІЗ:

ARDOR-GAMING.COM

VK.COM/ARDOR _ GAMING